

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИСІ

**Kaspi.kz акционерлік қоғамы
(Kaspi.kz АҚ)**

Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдар беруін білдірмейді. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ғана қарастырылды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайы екенін және қоғам мен оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды жаңылдырмайтынын растайды.

Алматы 2014 жыл

I. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) атауы

1-кесте. Қоғамның атауы

	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	Kaspi.kz акционерлік қоғамы	Акционерное общество Kaspi.kz	Kaspi.kz Joint-Stock Company
Қысқартылған атауы	Kaspi.kz АҚ	АО Kaspi.kz	JSC Kaspi.kz

Акционерлердің жалпы жиналысының 02.04.2018ж. шешімінің негізінде Қоғамның атауы «kaspi» акционерлік қоғамынан Kaspi.kz акционерлік қоғамына өзгертілді. Бұрынғы атауы:

	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«kaspi» акционерлік қоғамы	Акционерное общество «kaspi»	«kaspi» Joint-Stock Company
Қысқартылған атауы	«kaspi» АҚ	АО «kaspi»	JSC «kaspi»

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 46, 47-баптарына сай Kaspi.kz акционерлік қоғамы барлық несие берушілері мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелері бойынша «kaspi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құқықтық мұрагері болып табылады.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Kaspi.kz акционерлік қоғамының құрылуының алдында қайта құру нысанында «kaspi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қайта ұйымдастырылды.

Алматы қ. Әділет департаментінің Бостандық ауданы Әділет басқармасы берген 17.10.2014 жылғы № 8278-1910-01-АО мемлекеттік тіркеу туралы анықтама.

Қоғамның атауын «kaspi» акционерлік қоғамынан Kaspi.kz акционерлік қоғамына өзгертуге байланысты мемлекеттік қайта тіркеу 09.04.2018 жылы жүргізілді.

Мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманы 09.04.2018 жылы Алматы қ. Әділет департаментінің Бостандық ауданы Әділет басқармасы берді.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондары мен факс нөмірлері туралы ақпарат, электрондық поштасының мекенжайы

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154А,

тел./факс: +7 (727) 356-06-27

e-mail: info@kaspisholding.kz

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері

Алматы қ. «Kaspi Bank» АҚ-тағы ЖСК KZ92722S000001101755,

БСК CASPKZKA

КБЕ 15

7. Акционерлік қоғамның қызметінің түрлері

- инвестициялық-қаржылық қызмет;
- өзінің мұқтаждықтары үшін мүлік сатып алу-сату;
- қаржылық қызметпен байланысты мәселелер жөнінде кеңес беру қызметін ұсыну;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

8. Халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктерінің акционерлік қоғамға немесе оның шығарған бағалы қағаздарына берген рейтингтерінің болуы туралы мәліметтер. Қаржы агенттігі мәртебесін тағайындау туралы мәліметтер

Акциялар шығарылымы проспектісі жасалған күнгі жағдай бойынша Қоғамның халықаралық және (немесе) отандық рейтинг агенттіктерінің берген рейтингтері жоқ.

Қаржы агенттігінің мәртебе бергені туралы мәліметтер жоқ.

9. Акционерлік қоғамның атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошталық мекенжайлары

Акциялар шығарылымы проспектісі жасалған күнгі жағдай бойынша Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Акционерлік қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның атауы
2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудитті, 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудитті, сондай-ақ 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудитті «UTA Audit» ЖШС, 2015, 2016 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін аудитті «Делойт» ЖШС жүргізді.
Акциялар шығарылымы проспектісі жасалған күнгі жағдай бойынша Қоғам кеңесшілермен заң және қаржы мәселелері жөнінде қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасқан жоқ.

11. Қоғам корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күн

Kaspi.kz акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі Акционерлердің жалпы жиналысының 02.04.2018ж. шешімімен (02.04.2018ж. № 1-18 хаттама) бекітілді.

11-1. Жалпы акционерлер жиналысының немесе құрылтай жиналысының акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіткен күні

2-кесте. Акциялардың құнын оларды қоғам сатып алған кезде анықтау әдістемесі

Құжаттың атауы	Акционерлердің жалпы жиналысының/құрылтай жиналысының бекіткен күні
«kaspi» АҚ акцияларын қоғам сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесі	15.10.2014 ж.

II. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ МЕН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

12. Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі

Т.А.Ә., туған жылы	Соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы	Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы
Юрий Диденко, 1974 жылы туған	29.02.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Бас директоры; 01.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 15.06.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Сақтандыру» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы; 21.04.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Колеса» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі; 01.02.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Bank» АҚ Басқарма	жоқ

	<p>Төрағасының орынбасары; 18.06.2010 ж. бастап 01.02.2013 ж. дейін «Kaspi Bank» АҚ Басқармасының мүшесі; 14.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 15.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 11.03.2016ж.-21.12.2016ж. – «ALSECO» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі; 21.12.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «ALSECO» ЖШС Байқаушы кеңесінің Төрағасы</p>	
<p>Ломтадзе Михеил, 1975 жылы туған</p>	<p>29.05.2006 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 24.07.2007 ж. қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Bank» АҚ Басқарма Төрағасы; 01.06.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Group» (Каспи Групп) АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы; 21.04.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Колеса» ЖШС Байқаушы кеңесінің Төрағасы; 17.03.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы; 17.04.2015 ж. бастап 13.09.2015 ж. дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 17.04.2015 ж. бастап 11.03.2016ж. дейін қазіргі уақытқа дейін – «ALSECO» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.</p>	<p>9,9833%</p>
<p>Койайдарова Гульнара Жаншаевна, 1966 жылы туған</p>	<p>13.02.2007 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Mc Green & partners» адвокаттық кеңесі мекемесінің адвокаты; 18.09 2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Сақтандыру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор); 13.01.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Group» (Каспи Групп) АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор); 17.03.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор); 17.04.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор); 27.05.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)</p>	<p>жоқ</p>

4) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Ақпарат жоқ.

5) соңғы екі жылдың ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы өзгерген жоқ.

12-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (бар болса) – Акциялар шығарылымы проспектісі жасалған күнгі жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылмаған.

12-3. Ішкі аудит қызметі

1) Степанова Мария Геннадьевна, 1977 ж.т., Ішкі аудит қызметінің бастығы.

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың уәкілеттіктерін және олардың лауазымды атқарған күнін көрсете отырып, соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары, хронологиялық тәртіппен, соның ішінде қосымша атқарған лауазымы:

- 18.08.2014ж. бастап 03.08.2015ж. дейін – «Kaspi Bank» АҚ Заң блогы Заң департаментінің Ішкі бақылау басқармасының Бастығы;
- 03.08.2015ж. бастап 10.08.2015ж. дейін – «Kaspi Bank» АҚ Ішкі аудит департаментінің Директоры;
- 10.08.2015ж. бастап 13.08.2015ж. дейін – «Kaspi Bank» АҚ Заң блогы Заң департаментінің Ішкі бақылау басқармасының Бастығы;
- 13.08.2015ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Bank» АҚ Ішкі аудит департаментінің Директоры;
- 01.09.2015ж. бастап 05.01.2016ж. дейін – Kaspi.kz АҚ ішкі аудит басшысы;
- 05.01.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ ішкі аудит қызметінің бастығы

13. Акционерлік қоғамның алқалы (жеке) атқарушы органы

Бас директор

Т А Ә, туған жылы	Соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы	Осы тармақтың 1) тармақшасын да аталған тұлғаларға тиесілі дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы
Юрий Диденко, 1974 жылы туған	29.02.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Бас директоры; 01.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Kaspi.kz АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 15.06.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Kaspi Сақтандыру» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы; 21.04.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Колеса» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі; 01.02.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа	жоқ

	<p>дейін – «Kaspi Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары; 18.06.2010 ж. бастап 01.02.2013 ж. дейін «Kaspi Bank» АҚ Басқармасының мүшесі; 14.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 15.09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алсеко» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 11.03.2016ж.-21.12.2016ж. – «ALSECO» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі; 21.12.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «ALSECO» ЖШС Байқаушы кеңесінің Төрағасы</p>	
--	--	--

14. Қоғамның осы проспектісінің 12 және 13-тармақтарында аталған тұлғаларға соңғы қаржылық жыл үшін төленген және берілген сыйақының және жалақының, сондай-ақ жеңілдіктердің жалпы сомасы: 360 000 (үш жүз алпыс мың) теңге.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері:

- Ішкі аудит қызметі
- Тәуекелдерді басқару қызметі
- Заң қызметі
- Бухгалтерия
- Корпоративтік хатшы

2) акционерлік қоғамның қызметкерлерінің, соның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің жұмыскерлерінің жалпы саны: 10

3) акционерлік қоғамның акцияларына ие акционерлік қоғамның қызметкерлерінің саны және орналастырылған акцияларының жалпы санынан олардың пайыздағы сомалық үлесі – жоқ;

4) акционерлік қоғамның бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса, әкесінің аты, туған жылы):

- Ішкі аудит қызметінің бастығы – Степанова Мария Геннадьевна, 1977 ж.т.
- Тәуекелдерді басқару қызметінің бастығы – Шишингарин Галимжан Адильбекович, 1985 ж.т.
- Бас бухгалтер – Авдеева Оксана Сабировна, 1979 ж.т.
- Заң қызметінің бастығы – Цой Наталья Абильсоновна, 1989 ж.т.
- Корпоративтік хатшы – Чинтаев Нурдаль Рустемович, 1981 ж.т.

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса, әкесінің аты, туған жылы) – жоқ.

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері)

5-кесте. Акционерлер

Қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін акционердің тегі, аты, әкесінің аты	Қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін акционерге тиесілі дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы	Акционер қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайызын иеленген күн
Ким Вячеслав Константинович, 1969 ж.т.	50,1166 %	22.10.2015

17. Акционерлік қоғам ұйымның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайызын (жарғылық капиталындағы үлесін) иеленетін ірі акционер болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

• **«Kaspi Магазин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154А.

Жарғылық капиталдағы қоғамға тиесілі қатысу үлестерінің пайыздық арақатынасы: 100%

Қызмет түрі: деректерді орналастыру және өңдеу қызметі; веб-порталдар; пошта және интернет арқылы тапсырыстарды орындайтын фирмалар арқылы бөлшек сауда; басқа пошталық және курьерлік қызмет.

Қоғам ұйымның жарғылық капиталындағы үлестердің он және одан көп пайызын иеленген күн: 05.04.2016ж.

Бірінші басшы туралы ақпарат: «Kaspi Магазин» ЖШС Директоры – Киябаева Маншук Сембаевна, 1978 ж.т.

• **«Kaspi Group» (Каспи Групп) акционерлік қоғамы**

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154А.

Қоғамға тиесілі акциялардың ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы мөлшеріне қатысты пайыздық арақатынасы: 100%

Қызмет түрі: инвестициялық-қаржылық қызмет; өзінің қажеттілігі үшін мүлікті сатып алу-сату; қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметін көрсету.

Қоғам ірі акционер болған күн: 22.10.2015ж.

Бірінші басшы туралы ақпарат: «Kaspi Group» (Каспи Групп) АҚ Бас директоры Ким Вячеслав Константинович, 1969ж.т.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

Қоғам «Kaspi Group» (Каспи Групп) АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Kaspi Сақтандыру» АҚ, «АРК Баланс» ЖШС, «Kaspi Магазин» ЖШС-дан құралған банк конгломератының бас ұйымы болып табылады.

19. Акционерлік қоғамның басқа да аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер – жоқ.

20. Қоғамның аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер – жоқ.

III. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

21. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

1) коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты немесе кәсіпкерлік қызмет үшін қолданылатын бекітілген активтерді құрумен немесе көбейтумен байланысты инвестициялық қызмет;

2) акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

• «BCC Invest» АҚ – компания нарықтың қажеттіліктерінің, инвестициялық банкингтің әлеуетінің өсуінің арқасында құрылды. Қазіргі таңда компания мынадай қызмет түрлерін көрсетеді: брокерлік-дилерлік қызмет, клиенттердің активтерін басқару, корпоративтік қаржыландыру, тікелей инвестициялар.

22. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сатылымның (жұмыстың, қызметтің) кірісіне оң және теріс әсерін тигізетін факторлар

Негізгі қызмет түрлері бойынша қызметтің кірісіне оң әсер ететін факторлар:

- қаржы құралдарының өтімділігі;
- инвестицияны тартатын қаржы институттарын орналастыру.

Негізгі қызмет түрлері бойынша қызметтің кірісіне теріс әсер ететін факторлар:

- елдегі жоғарғы инфляциялық қауіп.

23. Қоғамда бар лицензиялар (патенттер) туралы және олар әрекет еткен кезеңдегі зерттеулерге және әзірлемелерге, соның ішінде Қоғам демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне жұмсалатын шығындар туралы ақпарат – жоқ.

24. Екі жылда немесе Қоғам нақты әрекет еткен кезеңде өткізілген өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтің) көлемі

Акциялар шығарылымы проспектісі жасалған күнгі жағдай бойынша екі жылда немесе акционерлік қоғам нақты әрекет еткен кезеңде өткізілген өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтің) көлемі – жоқ.

25. Қоғамның өз өнімін (жұмыстарын, қызметін) сатуды ұйымдастыру қызметі

Қоғамның қызметі өз өнімін (жұмыстарын, қызметін) сатуды көздемейді.

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар

1) маусымдық сипаты бар қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі:

Қоғамның қызметі маусымдық әсер ететін факторларға ұшырамайды.

2) Акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтегі) импорттың үлесі және өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғам экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтің) үлесі:

Жоқ.

3) Сот процестеріне қатысуы:

Жоқ.

4) Соңғы жылдың ішінде акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) соттың салған барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер:

Жоқ.

5) Тәуекел факторлары:

- **Макроэкономикалық тәуекелдер** – ҚР-да жалпы экономикалық жағдай нашарлаған жағдайда қаржы құралдарының өтімділігі төмендеуі мүмкін.

- **Стратегиялық тәуекел.** Қоғам дамуының барлық мүмкіндіктерін уақтылы әрі жүйелі пайдалану үшін шешім қабылдауына қатысты Қоғам дамуының сапалы айқындалған бағыты, сондай-ақ ішкі өзара қатынастар жүйесі және Қоғамның алға қойған мақсаттарына қол жеткізетін қаржы нарығындағы ұстанымы. Стратегиялық тәуекел – қате іскери шешімдерді қабылдау және/немесе енгізу және сыртқы факторлардың өзгерісіне әсердің болмауы салдарынан пайда мен капиталдың бір бөлігін жоғалту тәуекелі.

Экономикалық талдау, Қоғамды және қаржы саласын толығымен маркетингілік зерттеу, стратегиялық тәуекелді бағалауды және басқаруды бақылау арқылы басқарылады.

- **Өтімділік тәуекелі** – Қоғамның өз міндеттемелерін орындауына немесе уақтылы орындауына байланысты тәуекелі, сондай-ақ Қоғамның Қазақстан Республикасының уәкілетті органының өтімділік көрсеткіштері бойынша пруденциалдық нормативтерін бұзуы.

Бірегейлендіру (өтеу мерзімі бойынша активтер мен пассивтерді талдау; осы кезең үшін баланстың негізгі баптарының өзгерісін талдау; Қоғамның уәкілетті органының пруденциалдық нормативтерінің орындалуын бақылау; сыйақы алуға (төлеуге) байланысты кірістер мен шығыстарды талдау), тәуекелдікті бағалау және өлшеу (негізгі тәсілдері: активтер мен пассивтер портфеліндегі жеке қаржы құралдары үлесінің шекті шамасын белгілеу; төлем жасау мерзімдерінің бөлінісіндегі міндеттемелер сомасының активтер сомасына арақатынасының шекті шамасын белгілеу; кассадағы қалдық бойынша қалдықтардың шекті шамасын белгілеу; банкаралық қаржы операцияларын жүргізген кезінде қарсы агент банктерге шекті шаманы белгілеу; ақшаның ықтимал шығысын деңгейлестіру үшін пайдаланылатын өтімділігі жоғары бағалы қағаздардың портфелін қалыптастыру; қаржы нарығындағы операцияларды жүргізген кезінде Қоғамның жоғары іскерлік беделін қолдау) белгіленген көрсеткіштер мен шектеулердің сақталуын бақылау арқылы басқарылады.

- **Валюталық тәуекел** – Қоғам өзінің қызметін жүргізген кезде шетел валютасы бағамдарының өзгеруіне байланысты шығындардың туындау тәуекелі.

Қоғам жұмыс істейтін әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясын сәйкестендіру, талдау; валюталар бөлінісінде Қоғамның активтері мен пассивтерін салыстыру арқылы тұрақты негізде тәуекелді бағалау; Қоғамның бөлімшелеріне мониторинг жүргізу және бақылау арқылы басқарылады.

- **Құқықтық тәуекел** – Қоғамның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуы салдарынан шығындардың туындауы тәуекелі.

Қоғам құқықтық тәуекелдердің көптеген түрін анықтайды, мыналар солардың негізгілері:

- заңнаманың өзгерісіне, болашақтағы заңнамалық талаптарды болжап біле алмауға байланысты тәуекел;
- қолданыстағы заңнаманың кемшіліктері, қарама-қайшылықтары, әртүрлі түсінілуі салдарынан болатын жоғалту тәуекелі;
- Қоғамды сот талқылауына тартудың, сондай-ақ оның нәтижесінің тәуекелі. Сот талқылауы белгілі бір шығасыларға, ал сот шешімі кері мүліктік салдарға әкеп соқтыруы мүмкін.

Басқару және мониторинг жүргізу:

- Қоғам құқықтық тәуекелдерді тұрақты негізде қадағалап отырады.
- Заңнаманың өзгерісіне байланысты тәуекелді барынша азайту құжаттардың жобаларын мұқият зерделеу мен тиісті нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу салдарын талдауға және ықтимал тәуекелдерді барынша азайту/алдын алу жөнінде іс-шараларды әзірлеуге негізделген. Қоғамның қызметкерлері қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тұрақты негізде қадағалап отырады.
- Әртүрлі түсінілу тәуекелі түрлі нормативтік құқықтық актілердегі көмескі түсіндіру жағдайын анықтап алу үшін тиісті органдарға сұратуларды уақтылы жолдау арқылы басқарылады.
- Құқықтық тәуекелдерді барынша азайту/алдын алу кейіннен бақылау жүргізу жүйесін қолдануға, басқару жүйесінде құқықтар мен міндеттерді бөлуге, ұйымдық-басқарушылық құжаттама жүйесінің сапалылығына (бөлімшелердің функцияларын, ішкі ережелер мен нұсқаулықтарда қызметкерлердің құқықтарын, міндеттерін нақты реттейтін ішкі актілердің болуы) негізделеді.

Құқықтық тәуекелді бақылауды тұрақты негізде жоспарлы тексеру барысында бөлімше қызметін жүргізеді.

- **Экологиялық тәуекел.** Егер инвестициялау объектілері экологияға қатысты болмаса, саланың ерекшелігіне байланысты аталған тәуекел Қоғамның қызметіне тікелей әсер етпейді.

IV. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

27. Инвестициялар

Жоқ.

28. Дебиторлық берешек – жоқ.

29. Активтер

6-кесте. Активтер туралы мәліметтер

Атауы	Баланстық құны (мың теңге)
Ұзақ мерзімді активтер	
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	92 835
Қысқа мерзімді активтер	
Ақша қаражаты	4 833
ЖИЫНТЫҒЫ:	97 668

Қоғамның міндеттемелерін қамсыздандыру болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген Қоғамның активтері – жоқ.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы

Жарғылық капитал 130 143 967 668 (Жүз отыз миллиард жүз қырық үш миллион тоғыз жүз алпыс жеті мың алты жүз алпыс сегіз) теңгені құрайды.

Меншікті капитал 150 445 141 440 (Жүз елу миллиард төрт жүз қырық бес миллион жүз қырық бір мың төрт жүз қырық) теңгені құрайды.

31. Заемдар - жоқ.

32. Акционерлік қоғамның негізгі қызметін жүргізуіне байланысты кредиторлық берешек – жоқ.

V. ҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

33. Банкаралық заемдар - қатысы жоқ.

34. Салымдар - қатысы жоқ.

35. Шет мемлекет заңдарына сәйкес облигациялардың қолданылып жүрген шығарылым құрылымының сипаттамасы (орналастырылған, өтелген және сатып алынған облигациялар саны, есептелген купондар, сондай-ақ соңғы үш жылдағы (мерзімінен бұрын өтелген) облигациялар туралы мәліметтер) – қатысы жоқ.

36. Акционерлік қоғам активтерінің бес процентінен асатын қолданылып жүрген халықаралық заемдарының (сомасы, өтеу кестесі, сыйақы мөлшері) шарттары туралы және соңғы үш жылдағы оның активтерінің бес процентінен асатын тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәлімет – қатысы жоқ.

37. Акционерлік қоғамдағы басқа ұйымдардан алынған, олардың атауы, мекен-жайы, кредит сомасы, сыйақы сомасы, өтелуі және мақсатты пайдаланылуы көрсетілген ашық кредиттік желілер туралы мәлімет – қатысы жоқ.

38. Қаржы нәтижелерін талдау – қаржы ұйымдарына жатпайды.

39. Соңғы екі жылдағы кірістер мен шығыстардың құрылымы – қатысы жоқ.

40. Акционерлік қоғамның пікірі бойынша аса маңызды болып табылатын және қоғам қызметін сипаттайтын қаржы коэффициенттерінің есебі – қатысы жоқ.

41. Акциялар шығарылымының проспектісінің күніне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген пруденциалдық нормативтер мен орындалуы міндетті басқа нормалар мен лимиттердің маңызы – қатысы жоқ.

42. Қоғамның акция шығару туралы шешімі қабылданғанға дейінгі соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің көлемі мен саны – қатысы жоқ.

43. Бұрын берілген кепілдіктер, сот талаптары нәтижесінде пайда болуы мүмкін акционерлік қоғамның ықтимал міндеттемелеріне қатысты өзге де ақпарат – қатысы жоқ.

VI. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

44. Барлық тіркелген бағалы қағаздарға қатысты ақпарат:

1) шығарылым бағалы қағаздарының жалпы саны: 2 000 000 (ек миллион) акция: 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) жай акция және 500 000 (бес жүз мың) артықшылықты акция);

Бір акцияның номиналды құны: 64 519,26 теңге

Шығарылым нысаны: құжатсыз

Бағалы қағаздар шығарылымын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тіркеді, мемлекеттік тіркеу нөмірі А5985, бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күн: 13.11.2014ж.

4) аукциондар немесе жазылым өткізу талаптары және тәртібі туралы ішкі құжаттар қабылданған күн: 05.04.2018ж.;

5) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осылардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру), жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру) туралы мәліметтер (әр жылға және акциялардың түрлері бойынша жеке-жеке). Дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша берешек болған жағдайда, себептерін және қоғамның аталған берешекті өтеу үшін қолданған шараларын көрсету: мәліметтер жоқ;

8) бір акцияға (жай, артықшылықты) есептелген және төленген дивидендтер сомасы және соңғы екі қаржы жылы үшін әр жылдағы акциялардың әр түріне дивидендтердің жалпы сомасы:

2016

акциялардың түрі	1 акцияға есептелді, тг	1 акцияға төленді, тг	барлық төленгені, соның ішінде ЖТС, тг
жай	0	0	0
артықшылықты	0,04	0,04	16 000

2017

акциялардың түрі	1 акцияға есептелді, тг	1 акцияға төленді, тг	Барлық төленгені, соның ішінде ЖТС, тг
жай	7980	7980	11 970 000 000
артықшылықты	7980,03	7980,03	3 192 012 000

9) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған бағалы қағаздардың санын көрсету арқылы сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауын қосқанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауда жүргізілетін негізгі нарықтар – Қазақстан.

VII. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

45. Акциялар туралы мәліметтер:

- 1) Қоғамның жарияланған акцияларының жалпы саны 2 000 000 (Екі миллион) дананы құрайды, соның ішінде:
жай акциялар – 1 500 000 (Бір миллион бес жүз мың) дана;
артықшылықты акциялар – дауыс беру құқығынсыз 500 000 (Бес жүз мың) дана;
- 2) құрылтайшылар арасында жарияланатын акциялардың саны – 1515 дана жай акция;
- 3) құрылтайшылар төлейтін бір жай акцияның номиналды құны – 64 518,26 теңге;
- 4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері – бір артықшылықты акция үшін 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) теңге.

46. Айырбасталатын бағалы қағаздар – жоқ.

46-1. Орналастырылған акциялар санының (Қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) көбеюі, Қоғамның орналастырылған бір түрдегі акцияларын осы Қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру – толтырылмайды.

47. Төлем агенті туралы мәліметтер – жоқ.

48. Қоғамды тіркеуші туралы мәліметтер

Акция ұстаушылардың тізілімін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ жасайды, жүргізеді және сақтайды, орналасқан мекенжайы: 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтбаев к-сі, 30А/3-үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағы, тел.: 8 (727) 272-47-60, 8 (727) 355 97 37. Типтік нысанға қосылу арқылы 2014 жылғы 22 қазандағы № 1784 бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу шарты.

50. Инвесторларға арналған ақпарат

Инвесторлар Қоғамның жарғысының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектісімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептермен мына мекенжайда таныса алады: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154А, тел./факс: +7 (727) 356-34-23.

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты www.kaspiholding.kz сайтынан алуға болады.

Уәкілетті тұлға


Н. Чинтаев

